Бекітемін

№29 «Ай-Керім» бөбекжай-

бақшасының меңгерушісі

К.К. Сейдалиева

# «Сиқырлы пішіндер»



«Шағала» ересек тобы

Тәрбиеші:Сабитханқызы М

Шымкент 2022

Scanned by TapScanner

# Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет

**Тобы:** «Шағала» ересек топ

**Тақырыбы:** «Сиқырлы пішіндер»

**Күні:** 17.11.2022ж

**Білім бағыты:** -Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту;

-Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

**Міндеті:** Математикалық ұғымдарды бекіту.Ойлау қабілетін,көріп тану,зейінін,есте сақтау қабілеттерін ойын арқылы дамыту.

**Мақсаты:** Ойындар арқылы пішіндер туралы білімдерін пысықтап,пішіндерді бір-бірінен ажыратып айта білуге үйрету,қиял болжамдарын дамытып,қабілеттерін шыңдау.

**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру,сұрақ-жауап,дамытушы ойындар.

**Қолданатын көрнекі құралдар:** геометриялық пішіндер,слайд,қағаздан қиылған түрлі түсті пішіндер,фасоль,майда тастар,дәнектер суреттер.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиеші қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі** | *Шаттық шеңбері:*<br><br>*Нейро жаттығу жасау.* | Жақсы көңіл күймен жасады. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру-ізденушілік** | -Менің көңіл –күйім өте керемет.<br>-Сендердің көңіл-күйлерің қалай?<br>- **Ғажайып сәт:**<br>-Балалар,қазір біз сиқырлы пішіндер әлеміне барамыз,-Келісесіңдерме? -Олай болса көзімізді жұмамыз .<br>Ғажайып сәт!<br>*(Музык әуенімен.Пішіндер әлеміне енеді. )*<br><br>-Сәлеметсіңдер ме балалар?<br>-Сиқырлы пішіндер әлеміне қош келдіңдер.<br>-Балалар сендер өте әдемі болып кетіпсіңдер<br>-Балалар сендер өздеріңнен қандай ерекшеліктерді көріп тұрсыңдар?<br>-Дұрыс айтасыңдар футболкаларыңның түстері.<br>-Түстері қандай?<br>***Тәрбиеші:***<br>- ***Слайдпен жұмыс.***<br>Пішіндерді атау.1-5 дейін тура- кері санау,түстерін,жоғары –төмен пішіндерді айту.<br> | -Керемет!<br>-Әрине барғымыз келеді.<br>-Келісеміз.<br>Көздерін жұмады.<br><br>-Сәлеметсіз бе!<br><br>Футболкамыздың түстері.<br>Ақ<br>Қызыл<br><br>Сұрақтарға жауап береді. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | <br>-Балалар мен сендерге қызықты ойындар дайындап қойдым.Менімен ойын ойнайсыңдар ма?<br>-Олай болса қызыл түсті футболкасы бар балалар қызыл үстелге барамыз.Ал,ақ түсті футболкасы бар балалар ақ түсті жайманың үстіне отырамыз.<br>-Ал енді балалар ойын ойнайық: «түсіндірме жұмысы»<br>-Қызыл үстелдегі балалар сендер «Пішіндерді құрастыру»<br>-Ойын барысы: Көрсетілген үлгі бойынша пластилиндерді домалақтап таяқшаларды қыстыру арқылы пішіндер жасау.<br>-Ақ футболка киген балалар сендер,ақ жаймада түрлі пішіндер үздік сызықпен сызылған соған ыдыста тұрған дәнді – дақылдарды қою арқылы жасырылған пішіндерді шығарамыз.<br>-Балалар іске сәт!<br>-Жарайсыңдар балалар.!<br>Жасаған пішіндеріңде өте әдемі болды. | Әрине ойнаймыз.<br>Балалар түстеріне қарай жайғасады.<br>Балалар келіседі.<br>Балалар ойынды қызыға ойнайды. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті:**<br>(Музыка әуенмен сергіту сәтін орындау)<br>-Балалар мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.<br>***Ойын: «Өз ұяшығына сал»***<br>*Ойын барысы:* Балалар көздерін жұмып қоржынға қолдарын салып, сипау арқылы қандай пішін екенін атайды.Дұрыс тапса сол пішінді өз ұяшығына салады.<br>***Тәрбиеші:***<br>-Жарайсыңдар балалар!<br>-Ал олай болса балалар «Сиқырлы пішіндер»әлемінен қайтатын уақытта болды.<br>-Бізді тобымызда Гүлмира апайымыз күтіп отыр.Түскі ас ішетін уақытымыз болып қалады.<br>***Сиқырлы пішіндер***<br>-Жарайсыңдар балалар!<br>-Балалар «Сиқырлы пішіндер әлеміне» тағыда келіп тұрыңдар.Сендерді күтемін.Сау болыңдар.<br><br>*(Музыка әуен ойнайды)*<br>*-Балалар менен сендерге лайк.* | Балалар қуана отырып, тәрбиешінің түсіндіргеніндей жұмыс жасайды.<br><br>Балалар іс-қимылмен жасады.<br><br>Жарайды.<br><br>Сау болыңыз.<br><br>-Апай сізгеде лайк. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Жетекші-жөндеуші** | -Балалар біз қайда бардық?<br><br>-Кімге қандай ойын ұнады?<br>Қ/о: «Қол ұстасып пішіндерге айналамыз»<br><br>Келген қонақтармен қоштасайық. | Балалар толық жауап берді.<br><br>Қызыға ойнады.<br><br>Сау болыңыздар. |

***Күтілетін нәтиже:***

***Білуі қажет:*** Заттың түстерін ажыратады,пішіндерді ажыратып біледі.Тура және кері санауды біліп, үйренді.

***Қалыптасқан түсініктер:****Ұзын таяқшаларды жұмсақ заттың көмегімен, пішін немесе тағыда басқа заттар жасап бейнелеуге болатынын түсініп, қалыптастырады.*

***Орындаушылық қабілеті:****Тапсырмаларды түсініп, қызығушылықтары артады. Шығармашылық қабілеттері ұшталып,шыңдалады. Саусақ бұлшықеттері шынығып,икемделеді.*

Scanned by TapScanner





Scanned by TapScanner